

Бейорганикалық қосылыстар бойынша тест сұрақтары

1.Оттек жай зат ретінде кездеседі.

- A) адам ағзасында
- B) атмосферада
- C) жер қыртысында
- D) тұздарда
- E) негіздерде

2. Оксиді қышқылдық қасиет көрсететін элемент

- A) K
- B) Ca
- C) S
- D) Ba
- E) Mg

3. Иондық байланысқан зат:

- A) Fe
- B) I₂
- C) NaCl
- D) HCl
- E) HI

4. Сілтілік металдардың жоғарғы оксидтерінің жалпы формуласы:

- A) R₂O
- B) RO
- C) R₂O₃
- D) RO₂
- E) R₂O₅

5. Негіздік және қышқылдық оксидтер сумен химиялық әрекеттескенде түзіледі:

- A) оксид және тұз
- B) тұз және қышқыл
- C) қышқыл және оксид
- D) негіз және оксид
- E) негіз және қышқыл

6. Фосфор қышқылын түзетін заттар жұбы:

- A) P₂O₅ және H₂O
- B) P және H₂O
- C) Ca(OH)₂ және H₃PO₄
- D) CaO және P₂O₅
- E) Ca және P

7. Оксидтердің жіктелуі:

- A) бір негізді, екі негізді
- B) оттекті, оттексіз
- C) қышқылдық, негіздік, екідайлы
- D) еритін, ерімейтін, екідайлы
- E) қос, орта, негіз, қышқыл

8. Бір негізді қышқыл

- A) H_2SO_4
- B) HI
- C) H_2S
- D) H_3PO_4
- E) H_2SiO_3

9. Реакциялардың типтері:

- 1) $2\text{Fe} + 3\text{Cl}_2 \rightarrow 2\text{FeCl}_3$
- 2) $2\text{Al}(\text{OH})_3 \rightarrow \text{Al}_2\text{O}_3 + 3\text{H}_2\text{O}$
- A) 1 айырылу, 2 алмасу
- B) 1 алмасу, 2 қосылу
- C) 1 қосылу, 2 айырылу
- D) 1 орын басу, 2 алмасу
- E) 1 қосылу, 2 орын басу

10. Химиялық құбылыс

- A) судың булануы
- B) қорғасынның балқуы
- C) шынының балқуы
- D) сүттің ашуы
- E) бордың ұнтақталуы